

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Республика күніне орай Пікірсайыс турнирі өтті

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.10.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/145399/

22.10.2023 — Алматы қалалық Жастар саясаты басқармасының қолдауымен, “Жастар Рухы” жастар қанаты және “Еуразиялық бейбітшілік пен келісім” жеке мекемесі бірлескен жобасы аясында «Жас сарапшылар мен пікірсайысшылар» клубының ұйымдастыруымен Республикалық «JasUP» пікірсайыс турнирі, үлкен табыспен аяқталды.

Бұл турнир Қазақстанның Республика күніне арналды және мәдени, әлеуметтік, саяси және технологиялық мәселелерге қатысты түрлі шешімдерді талқылау үшін елдің түкпір-түкпірінен жас пікірсайысшылар мен студенттерді біріктірді.

Жарыс барысында үздік пікірсайысшылар мен командалар іріктелді. Ең үздік төреші болып Қуат Арайлым Асылбекқызы танылды. Жұмаділдә Тоғжан үздік спикер болып танылды. Жалпы есепте «Leo» фракциясы 1 орынды, «Алтын Орда» фракциясы 2 орынды, «Liberty» фракциясы 3 орынды иеленді. Бұл талантты қатысушылар лайықты ақшалай сыйлықтарға ие болды: 1 орынға 100 000 теңге, 2 орынға 70 000 теңге, 3 орынға 50 000 теңге берілді.

Бас төреші, Алматы пікірсайыс федерациясы төрағасының орынбасары Бектай Ғабит өз ойымен бөлісті:

«Бұл турнир Алматыда және бүкіл Қазақстан бойынша пікірсайысты дамыту үшін маңызды оқиға болып табылады. Біз әр турнир сайын қатысушылар деңгейінің қалай өсіп келе жатқанын көріп отырмыз, бұл бізді одан да қызықты және күрделі шешімдермен жұмыс істеуге шабыттандырады. Мен әрбір осы сахнаға шыққан пікірсайысшыны мақтан тұтамын және олардың болашағы жарқын болатынына сенімдімін».

Бұл сөздер бәсекелестік рухын және білім беру мен жастарды дамытудағы пікірсайыстың маңыздылығын көрсетеді.

Турнир концерттік нөмірлермен аяқталды, онда Айшагүл Нұржанова, Гүлназ Әбдірахманов, Арыстанбекова Жібек және басқа да талантты өнерпаздардың қатысуымен әдемі музыкалық шығармалар орындалды.

Ұйымдастырушылар маңызды шараға қолдау көрсеткен қатысушыларға, қонақтарға және демеушілерге алғыстарын білдіреді. Бұл турнир еліміздің болашағы үшін маңызы зор жастар арасында пікірталас пен сыни тұрғыдан ойлауға ықпал етеді.

Іс-шара 2023 жылдың 22 қазанында Алматы қаласындағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің аумағында өтті және маңызды қонақтар, соның ішінде Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы өкілдері , кеңес мүшелері және Алматы қаласы Дебат Федерациясы мүшелері және басқа да маңызды тұлғалар келіп тамашалады.

*Кеңесова Айкөркем*

+77761742542 

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.